



Жер бетіндегі барлық мұсылмандарға ескерту

Шейх Солих аль-Фаузан (حفظه الله)

Ескертулер

<https://t.me/mudhakkir>

Жер бетіндегі барлық мұсылмандарға ескерту

بسم الله الرحمن الرحيم
الحمد لله رب العالمين والصلاة والسلام على نبينا محمد وعلى آله وأصحابه أجمعين

Құрметті ғалым Солих аль-Фаузанның (Аллаһ оны сақтасын) барлық мұсылмандарға ескертуінің аудармасы. Аса Мейірімді Аллаһ бұл ескертуді пайдалы етсін.

كان السلف الصالح - رحمهم الله - يدعون الله ستة أشهر أن يبلغهم شهر رمضان ثم يدعونه ستة أشهر أن يتقبل منهم شهر رمضان

Бізден бұрын өткен ізгілер – алты ай бойы Рамазан айына жеткізуін Аллаһтан дұға етіп сұрайтын, сосын рамазан айынан кейін, алты ай бойы Аллаһтан Рамазан айындағы құлшылықтарын қабыл етуін сұрайтын болған.

فهم كانوا يهتمون بقبول العمل أكثر مما يهتمون في أداء العمل؛ لأن الله جل وعلا قال: { إِنَّمَا يَتَقَبَّلُ اللَّهُ مِنَ الْمُتَّقِينَ }

Олар амалды орындауға қарағанда, амалдың қабыл болуына көбірек көңіл бөлетін. Өйткені, Аллаһ Тағала:

«Аллаһ сөзсіз тақуалардан ғана қабыл етеді» – деп айтты.

[аль-Мәйда сүресі, 27 аят]

الله جل وعلا إنما يتقبل من المتقين الذين يتقون الله ويخافون ويخشونه ويعبدونه حق عبادته

Аллаһ Тағала тек қана тақуа иелерінен қабыл етеді. Тақуалар – Аллаһтан шынайы қорқып, үрейленіп, сақтанатындар. Әрі Аллаһқа лайықты түрде құлшылық қылатындар (табынатындар).

سُمُوا بِالْمُتَّقِينَ لَأَنَّهُمْ اتَّخَذُوا وَقَايَةً تَقِيهِمْ مِنْ عَذَابِ اللَّهِ وَمِنْ غَضَبِهِ وَذَلِكَ بِطَاعَتِهِ وَامْتِثَالِ أَوَامِرِهِ وَاجْتِنَابِ نَوَاهِيهِ

Тақуалар деп аталуы себебі:

Аллаһтың қаһары мен жазасынан өздерін сақтайтын қорған алып, қамданушылар. Ол сақтану – Аллаһтың бұйырықтарына бағыну, әрі тиым салынған тиымдарынан алыс болуы арқылы болады.

فالسلف - رحمهم الله - كانوا يخافون أن ترد عليهم أعمالهم بسبب خلل فيها إما بسبب عدم إخلاص النية يعني يدخلها رياء أو سُمعة وهذا خطر عظيم للإنسان

Ізгілікте өткен әуелгі ғалымдар (Аллаһ оларды рахым етсін) – амалдарында болған кемшіліктер себепті амалдары өздеріне кері қайтарылуынан қорқатын болған, яғни қабыл болмауынан. Амалды жойып жіберетін кемшіліктердің бірі – амалда ықыластың болмауы, яғни ниетте адамдар көрсін немесе естісін деген мақсаттың болуы. Бұл – әр адам баласының ойына келіп қалатын өте қатерлі қауіп.

قال ﷺ: "إنما الأعمال بالنيات وإنما لكل امرئ ما نوى"

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«Шындығында, амалдар ниетке байланысты бағаланады, әрі әрбір адамға ниеттенгені болады».

فالنية هي أساس العمل. قد يدخلها شيء من الرياء أو من السمعة أو من العمل لغير الله عز وجل فيكون العمل مردودا على صاحبه

Ниет – амалдың негізі болып табылады.

Оған көзбояушылықтан, немесе адамдар көрсін не естісін деген ойлар немесе Аллаһтан басқасы үшін амал істеуден бір нәрсе ниетіне кіруі мүмкін, солай жасалынған амалдары иесіне қайтарылады.

أو يكون العمل غير موافق لسنة الرسول ﷺ لأن العمل إذا لم يوافق سنة الرسول ﷺ فإنه مردود

Немесе (адамның) амалы Пайғамбарымыздың ﷺ сүннетіне сай келмеуі мүмкін.

Соның нәтижесінде, оның амалы өзіне кейін қайтарылып, қабыл етілмейді. Өйткені, істелген амал Пайғамбарымыздың ﷺ сүннетіне сай келмесе, ол амал өзінің иесіне қайтарылады.

كما قال ﷺ: "من عمل عملا ليس عليه أمرنا فهو رد".

Пайғамбарымыз ﷺ айтқандай:

«Кімде-кім біздің ісімізге (дінімізбен шариғатымызға) сәйкес келмейтін бір амал істесе, ол қабылданбайды».

ثم أيضا أنهم يخافون أن يكون عليهم مظالم للناس فتؤخذ أعمالهم لأصحاب المظالم

Сонымен қатар, біздің алдымызда өткен салиқалылар – мойындарында адамдардың ақысын жеп, зұлымдық қылып, сол себепті олардың ізгі

амалдарынан алынып, сауаптары зұлымдық көрген адамға берілуінен қорқатын болған.

أن يكون يظلم أحدا في ماله وفي عرضه أو اعتدوا عليه فإذا كان يوم القيامة يقتصر للمظلومين من حسنات الظالمين

Сәләфтар – бір кісінің ар-намысында, мал-мүлкінде (әділетсіздік қылып) зұлымдық-қастық қылудан қорқатын. Қиямет күні болса, зұлымдық қылғандардың жақсы амалдарынан алынып, зұлымдық көргендерге беріледі.

كما قال ﷺ: “من كانت عنده لأخيه مظلمة فيتحلل منه اليوم قبل ألا يكون دينار ولا درهم إن كان له حسنات أخذ من حسناته وأعطى للمظلومين وإن لم يكن له حسنات أو فنيت حسناته يؤخذ من سيئات المظلومين فتطرح عليه ويُطرح في النار”

Пайғамбарымыз ﷺ айтқандай:

«Кімде-кімнің өзінің мұсылман бауырына (абыройында немесе басқа нәрсесіне қатысты) жасаған зұлымдығы болса – дирхам да динар да болмайтын күн келуден алдын, оны (кешірім сұрап) шешіп алсын, (қияметте) егер оның ізгі амалдары болса – ол оның (зұлымдық жасаған мөлшерінде) ізгі амалдары алынып, зұлымдық көрген адамға беріледі. Ал, егер оның жақсылығы болмаса, жақсы амалдары таусылып қалса, зұлымдық көрген адамнан жамандықтары алынып, зұлымдық жасаған адамның мойнына іледі де тозаққа тасталады».

وجاء في الحديث أن أقواما يأتون يوم القيامة بأعمال أمثال الجبال من صلاة وصدقة وصيام وغير ذلك

Хадисте келеді:

«Қиямет күні сондай қауымдар болады, олар таулардың көлеміндей болған намаздан, зекеттен, оразадан, әрі тағы да (қажылық, умра, садақа сияқты) басқа ізгі амалдармен бірге келеді.

وفياتي وقد ظلم هذا وقد ضرب هذا وأخذ مال هذا فيؤخذ هذا من حسناته ولهذا من حسناته فإن فنيت حسناته قبل أن يُقضى ما عليه أخذ من سيئات المظلومين فطُرحت عليها وطرح في النار فهذه أخطار عظيمة

Бірақта біреуге зұлымдық қылған, біреуді ұрып соққан, біреудің малын тартып алған. Сондықтан анаған-мынаған (зұлымдық көргендерге) оның жақсылықтарынан алынып беріледі.

Ал егер олар одан тиісті нәрселерін алудан бұрын жақсылықтары таусылып қалса – зұлымдық көргендердің жасаған күнәлары алынып, зұлымдық жасаған адамға жүктеледі, сосын зұлымдық жасаған адам тозақ отына тасталады" – бұл неткен қорқышыңты жағдай.

فلذلك كان السلف يخافون مع أنهم يجتهدون في العبادة يخافون ألا تقبل وأن يعترضها عارض من هذه العوارض

Сондықтан бізден алдын өткен ізгілер – құлшылықты ынта, жігермен орындауларына қарамастан, әлгі құлшылығын бұзатын кедергі себепті амалдары қабыл болмай қалуынан қорқатын болған.

ثم أيضا الخاتمة قد يكون الإنسان يعمل الأعمال الصالحة ويجتهد ثم يُختم له بخاتمة السوء

Және де адамның өлім алдындағы соңғы сәті де өте маңызды. Адам жақсы амалды ыждағаттап, қатты тырысып істеп жүреді де, алайда өлім алдындағы соңғы сәті жамандықпен аяқталуы мүмкін.

كما قال ﷺ: إن أحدكم ليعمل بعمل أهل الجنة حتى ما يكون بينه وبينها إلا ذراع فيسبق عليه الكتاب فيعمل بعمل أهل النار فيدخلها وإن أحدكم ليعمل بعمل أهل النار حتى ما يكون بينه وبينها إلا ذراع فيعمل بعمل أهل الجنة فيدخلها

Пайғамбарымыз ﷺ айтқандай:

«Сендердің біреулерің жәннаттықтардың амалын жасап жүреді де, онымен жәннаттың арасы бір шынтақ (өмірінің аяқталуына аз бір уақыттар қалғанда) оған тағдырындағы жазылғаны озып, тозақтықтардың бір амалын жасайды да, тозаққа кіреді.

Ал енді біреулерің тозақтықтардың амалын жасап жүреді де, онымен тозақтың арасы бір шынтақ (өмірінің аяқталуына аз бір уақыттар қалғанда) жәннаттықтардың бір амалын жасайды да, жәннатқа кіреді».

الأعمال بالخواتيم ومن يدري عن خاتمته
ولكننا نسأل الله حسن الخاتمة
نكثر من السؤال والدعاء له بحسن الخاتمة

Амалдар – ақырғысымен бағаланады. Өзінің өлім алдындағы ақырғы амалы қандай болатындығын кім біледі?!

Алайда, Аллаһ Тағаладан ақырғы, өлім алдындағы сәтімізді жақсы етуін сұраймыз, әрі оған дұға етуді көбейтеміз.

فهذه أخطار أن تعترض العبد، هذا العبد المسلم المؤمن المطيع لله الذي له أعمال الصالحة على خطر من هذه الأمور
فكيف بالمضيع وكيف بالمخالف والعاصي الذي أثنى حياته بالمعاصي والمخالفات والغفلة ولا حول ولا قوة إلا بالله

Осы (аталған) қауіп-қатерлер пендеге кедергі келтіреді.

Аллаһқа бойсұнумен, көптеген ізгі амалдар қылған момын мұсылманның өзіне осындай қауіп-қатерлер төніп тұрған болса, ал енді немқұрайлық танытап жүрген адамның жағдайы не болмақ? (Оның жағдай туралы не айтуға болады?)

Өмір бойы шариғатқа қарсы істермен күнәлар істеп, әрі өмірін бейқамдықта өткізген күнәар, бұзықтың жағдайы қалай болмақ?

Лә хәула уә лә қуата илля биллаһ.

Аллаһтың күш-қуатынан асатын ешқандай күш-қуат жоқ.

فإذا كان المُحسن العامل بالصالحات عليه في هذه الأخطار فالأمر شديد

Егер де, жақсылықтағы салиқалы адамға осындай қауіп-қатер төніп тұрса, жағдай бейжай қарайтындай емес.

ولهذا قال الله سبحانه وتعالى
إِنَّ الَّذِينَ هُمْ مِنْ خَشْيَةِ رَبِّهِمْ مُشْفِقُونَ ○ وَالَّذِينَ هُمْ بِآيَاتِ رَبِّهِمْ يُؤْمِنُونَ ○ وَالَّذِينَ هُمْ بِرَبِّهِمْ
لَا يُشْرِكُونَ ○ وَالَّذِينَ يُؤْتُونَ مَا آتَوْا وَقُلُوبُهُمْ وَجَلَةٌ أَنَّهُمْ إِلَىٰ رَبِّهِمْ رَاجِعُونَ ○ أُولَٰئِكَ يُسَارِعُونَ فِي
الْخَيْرَاتِ وَهُمْ لَهَا سَابِقُونَ
[سورة المؤمنون: 61-57]

Сол үшін Аллаһ Тағала (жақсылыққа жарысушы құлдарын сипаттап) былай деген:

«Олар сондай Раббыларынан үрейленіп, қорқатындар.

Олар Раббыларының аяттарына иман келтіргендер.

Олар Раббыларына серік қоспайтындар.

Олар сондай зекет-садақа беріп, Раббысына қайтар жолда екенін сезініп, жүректері (тыныштық таппай, қобалжып) қорқатындар.

Міне, осылар жақсылыққа жарысушылар және алға шығып озғандар».

[Муминун сүресі, 57-61 аяттар]

قالت أم المؤمنين عائشة رضي الله عنها للنبي صلى الله عليه وسلم فاسأله عن هذه الآية {وَالَّذِينَ يُؤْتُونَ مَا آتَوْا وَقُلُوبُهُمْ وَجَلَةٌ أَنَّهُمْ إِلَىٰ رَبِّهِمْ رَاجِعُونَ} ○
قالت هم الذين يزنون و يسرقون ويشربون الخمر؟ قال صلى الله عليه وسلم: لا، يا ابنة الصديق
ولكن هم قوم يصومون ويصلون ويتصدقون ويخافون أن ترد عليهم حسناته

Мүміндердің анасы, Айша (Аллаһ одан разы болсын) Пайғамбарға ﷺ
«Олар сондай зекет-садақа беріп, Раббысына қайтар жолда екенін сезініп, жүректері (тыныштық таппай, қобалжып) қорқатындар» осы аяттың мағынасын сұрап, былай айтқан:

«Олар әлгі зина қылып, арақ ішіп, ұрлық қылатын кісілер ме?»

(Яғни күнәлары себепті қорқатындар ма?)

Пайғамбарымыз ﷺ былай:

«Жоқ, әй, шыншылдың қызы. Олар ораза ұстап, намаз оқып, садақа беріп, бірақ жақсылықтары қабыл болмай қалуынан үрейленетін жандар» – деп жауап қылады.

فهم أعمالهم الصالحة خائفون من الله عز وجل وقلوبهم وجلة أنهم إلى ربهم راجعون، يخافون أن ترد عليهم أعمالهم ونحن مع تقريظنا وكسلنا وإهمالنا آمينون من عذاب الله

Олардың ізгі амалдары бола тұра, жүректері Раббыларына қайтатыннын ескеріп, әрі амалдары қабыл етілмей қалуынан қорқатын.

Біз болсақ еріншек, немқұрайлы, ұқыпсыз бола тұра Аллаһтың жазасынан өзімізді амандықта сезінеміз!

لا نفكر في العواقب ولا نفكر في المصير ولا نخاف من العقوبات ولا نخاف من أن ترد علينا أعمالنا إن كان لنا أعمال لا نخاف من هذه الأمور

Нәтижені еш ойламаймыз, қайда тұрақтайтынымызды еш ойланбаймыз. Азаптардан қорықпаймыз, амалдарымыз қабыл болмай қалуынан қорықпаймыз.

Тіптен олай айтатындай, біздің қоржынымызда егер амал бар болса.

Бұл айтылған қауіп-қатерден қорықпаймыз.

فالحاصل أن المسلمين عند ختامهم لهذا الشهر العظيم يجب عليهم أن يخافوا أن يخافوا من الرد وعدم القبول ويسأل الله القبول وحسن الختام وأن يعفو عن التقصير

Қорытынды сөз

Мұсылмандар осы ұлы ай – Рамазан айы аяқталуымен амалдарының өздеріне кері қайтарылуан, әрі қабыл болмай қалуынан қорқуы қажет.

Аллаһтан амалдардың қабыл етуін, өлім алдындағы жақсы сәтті беруін, кеткен кемшіліктерді кешіруін сұраулары керек.

ولا يغترّوا بأنفسهم، ولا يقتصر على هذا الشهر، فإذا خرج عاد إلى الغفلة والكسل والإهمال بل يستمرون على طاعة الله سبحانه

Өздерімен алданып қалмасын, және мұсылман (құлшылық жасауда) тек Рамазан айымен шектеліп қалмауы керек.

(Мысалы кейбір адамдар) Рамазан айы аяқталса, қайтып бұрынғы бейқам, еріншек әрі немқұрайлы болуына қайта оралады. Керсінше, мұсылман Аллаһқа құлшылық етуде жалғасымды болуы қажет.

لأنهم يعبدون الله ولا يعبدون الشهر وإنما يعبدون الله
والله جل وعلا والله وجل يُعبد في كل وقت وفي كل حال لا تقتصر عبادته على حالة وشهر أو وقت
معين

Себебі, мұсылмандар Рамазан айына құлшылық етпейді, ақиқатында олар Аллаһ Тағаланың Өзіне ғана құлшылық қылады. Аллаһ Тағалаға кез келген уақытта, кез келген жағдайда құлшылық етіледі. Аллаһ Тағалаға құлшылық қылу – белгілі бір жағдайға немесе бір айға, бір уақытқа шектеліп қалмаған.

قال جل وعلا لنبيه محمد صلى الله عليه وسلم {وَأَعْبُدْ رَبَّكَ حَتَّى يَأْتِيَكَ الْيَقِينُ}
يعني الموت. استمر في العبادة إلى الموت

Аллаһ Тағала Пайғамбары Мұхаммедке ﷺ былай:
«Саған яқин келгенше Раббыңа құлшылық қыл» – деп бұйырған. Яғни, ажал келгенше Аллаһқа құлшылық қылуды жалғастыр деген мағына.

فالمسلم ليس له عُطلة من العمل، إنما يخشى الله ويخاف وعبدته ويلتقي في كل وقت وفي كل حين
ويخاف من أن يدخل في أعمالها شيء يُفسدها
أو يذهب بها ولا يستفيد منها من هذه العوارض وهذه الأخطاء

Мұсылманға амал тастап қоятындай демалыс жоқ. Мұсылман барлық уақытта, кез келген кезде Аллаһтан қорқып, тақуалық қылып, құлшылық етеді.

Амалын толықтай бекер етіп, оны бұзып жіберетін бір нәрсе кіруімен, немесе (айтылып өткен) қате-кедергілер себепті амалдан түк пайда болмай қалуынан үрей-қорқынышта болады.

أسأل الله سبحانه وتعالى أن يتقبل منا ومنكم صيامنا وقيامنا وأن لا يكلنا إلى أعمالنا وأن لا يحرمانا
من فضله وإحسانه وأن يرزقنا الثبات على الطاعة إلى الممات

Аллаһ Тағаладан біздің ұстаған орамамызды, оқыған намаздарымызды қабыл етуін, әрі бізді амалымызға (қасқағым сәтке) тастап қоймауын, Өзінің кеңдігі мен жақсылығынан айырмауын, дүние салғанша Аллаһ Тағалаға бойсұнуда бекемдікті нәсіп етуін сұраймын.

صلى الله وسلم على نبينا محمد وعلى آله وأصحابه أجمعين

 Ескертулер

<https://t.me/mudhakkir>